

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.100-101

ШЕТЕЛДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОРГАНИКАЛЫҚ ЕГІНШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ «КОНДРАТОВ ТӘЖІРИБЕЛІК КӨРСЕТІЛІМ ОРМАН ПИТОМНИГІ» ЖШС-ДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Ибраева А.Ж., Науанова А.П.

Еуропа одағының басқа елдерімен салыстырғанда Германияда экологиялық егіншілік жүйесі маңызды орын алады. Абсолюттік көрсеткіштер бойынша экологиялық жүйесі ауданы бойынша Германия Италиядан кейін II орында. Германияда ауыл шаруашылық ұйымдарына үкімет көп көңіл бөледі. Соның ішінде экологиялық ауыл шаруашылығымен айналысатын ұйымдарға көптеген қаржылай көмек көрсетіледі. Соның арқасында қазіргі кезде экологиялық таза өнім шығаратын ауыл шаруашылығы ұйымдары 52,5% құрайды. Ол жалпы ауыл шаруашылығының үлесінде бұл көрсеткіш 8%-ға дейін жеткен [1].

Экологиялық өнімдерді өндіру өндірісі қоршаған ортаны ластамайды, ресурстар қорын сақтайды, аграрлық нарықты ынталандырады және ауыл тұрғындарын жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Бірақ бұл шаралар үлкен шығындар мен ауыл шаруашылығында қайта өңдеу жұмыстарын қажет етеді. Сондықтан да экологиялық өнімдер күнделікті өнімдерге қарағанда қымбат болып келеді. Сол себептен, Германияда үкімет тарапынан экологиялық таза ауыл шаруашылығын өнімін өндіруді қолдау 1989 жылдан басталды. Ол 1992 жылға дейін экстенсивті түрде жүрді, себебі ол кезде барлық өсімдік шаруашылықтарына химия – синтетикалық тыңайтқыштарды қолдануға тыйым салды [2]. Ал мал шаруашылығы экологиялық егіншілік жүйесінің негізгі нормаларына сай болу керек еді.

1994 жылдан бастап экологиялық егіншілік жүйесін сақтау және жүргізу «Аграрлық жүйені өркендету және жағалауды қорғау бағдарламасы» (ГАК) бойынша жүргізілді. Бағдарламаны қаржыландыруды ЕО және федеративті жерлердің үкіметі бөліп алды. Ескі федеративті жерлерде ЕО 50% шығынды, жаңасында 75% шығынды көтерді. 2000 жылы Германиядағы экологиялық ауыл шаруашылық өндірісіне 61 млн евро қаржылай көмек бөлінді.

Экологиялық өнімдерді қайта өңдеу 1990 жылдан бастап ГАК – пен қаржыландырылып келе жатыр. Субсидиялар өндірушілерді біріктіру барысында ұйымдастырылған шығындар мен қайта өңдеу өнімдерін қаржыландыратын шаруашылықтарға келісімшартпен бөлінеді. 2002 жылдан бастап үкімет тарапынан бұл саланы қаржыландыру, соның ішінде ұйымдастыру шығындарын субсидиялау және инвестициялық субсидиялар 40% көтерілді. Келісімшарт бойынша қайта өңдеу өнімдерін өндірушілер мен

оларды қолдаушылар арасында қатаң тәртіп орнады. Енді белгілі бір жеке шаруашылықпен келісімшартқа отыру жеткілікті болды [3].

Германияда экологиялық егіншілікті әрі қарай дамытуда 2002 – 2003 жылдары федеративті бағдарлама жасалды. Бұл бағдарлама әртүрлі салаларда қамтылған:

- ауыл шаруашылығы өндірісі, есеп және қайта өңдеу;
- сауда, жүзеге асыру, тұтынушы;
- технологияларды дамыту және енгізу;
- зерттелетін бағыттар.

Бұл бағдарламаның маңызды бір бөлімі – зерттеуді қолдау және жаңа технологияларды дамыту, сонымен қатар алған теориялық білімді практикада қолдану саналады.

Германияда органикалық таза өнім алу үшін органикалық тыңайтқыштар қолданылады. Олардың құрамында өсімдіктерге қажетті бірнеше қоректік заттар болатындықтан, күрделі тыңайтқыштар қатарына да жатады. Органикалық тыңайтқыштарға көң, көң садырасы, құс саңғырығы, қорда, шымтезек және жасыл тыңайтқыштар, ағын су тұнба лайы, тері илеу және тамақ кәсіпорындарының қалдығы жатады. Органикалық тыңайтқыштар ішінде әсіресе маңыздылары – көң, көң садырасы, құс саңғырығы. Сонымен қатар экологиялық таза өнім алу үшін бұғының мүйізінен жасалған органикалық тыңайтқыш қолданылады [5]. Бұл тыңайтқыштар тек топырақты құнарландырып қана қоймай, зиянкестерді таралуын тежейді (сурет 1).



Сурет 1- Бұғы мүйізінен жасалған органикалық тыңайтқыш «AQUA-TERRA BIOPRODUKT GMBH»

«Кондратов тәжірибелік көрсетілім орман питомнигі» ЖШС-де Германияда қолданылатын тәсілдерді пайдалану арқылы әртүрлі жеміс-жидек ағаштарынан органикалық таза өнім алуға болады. Әрине бұғының мүйізінен жасалған органикалық тыңайтқыштың біздің елімізде жоқтығынан аталмыш орман питомнигінде жеміс-жидек ағаштарын өсіруде құс саңғырығын және биогуматтарды қолдану ұсынылады. Органикалық егіншілікті қолдану өте тиімді. Шетелдегі ұйымдастырылған органикалық егіншіліктің жүйесін «Кондратов тәжірибелік көрсетілім орман питомнигі» ЖШС-де қолдану келесідей жағымды сипат алуы мүмкін:

- өндірістің шығындарын төмендетеді;
- жердің құнарлығын қалпына келтіреді;
- қоршаған ортаны қорғайды;
- өз денсаулығына көңіл бөлетін тұтынушыларға арналған өнімдер шығарылады;
- өнімнің құндылығы жоғары болады;
- табиғи экожүйемен үнемі үйлесімділік тудырады;
- жаңартылмалы, яғни табиғи ресурстарды қалпына келтіреді;
- топырақтың құнарлығын сақтайды;
- химиялық заттар қолданылмайды;
- табиғи таза өнім өндіреді.

Сонымен қатар органикалық өнімдерді қолдану арқылы жер байлықтарын болашақ ұрпаққа табиғи қалпында сақтай отырып, өз ұрпағымыздың денсаулығын арттыратына кепіл береді.

Әдебиеттер тізімі

1. <http://logoev.de/ru/praktika-ru.html>
2. Zwingenberg қаласында өткен семинардың дәрістері. Dr. Hartwig Mennen, Herr Fröhlich, Thomas Rahne, P. Krücken, Heinz Gengenbach, LLH, Öko-Beratung
3. Позняк С.С., Романовский Ч.А. «Экологическое земледелие. – Монография, -Минск. - 2009 г. - С. 59-90.